



Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Бельгия Корольдігі Үкіметінің арасында Әуе қатынасы туралы келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 26 маусым N 952

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі ұсынған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Бельгия Корольдігі Үкіметінің арасындағы Әуе қатынасы туралы келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің қатысуымен жоғарыда көрсетілген Келісімді жасасу туралы бельгиялық тараппен келіссөздер жүргізсін.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі

Серік Мінурұлы Бүркітбаевқа Келісімнің жобасына қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Бельгия Корольдігі Үкіметінің арасындағы Әуе қатынасы туралы келісім жасасуға уәкілеттік берілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Бельгия Корольдігі
Үкіметінің арасындағы Әуе қатынасы туралы келісім

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Бельгия Корольдігінің Үкіметі,

1944 жылғы 7 желтоқсанда Чикагода қол қою үшін ашылған халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның қатысушылары ретінде, өздерінің тиісті аумақтары арасында және олардан тыс жерлерде әуе қатынасын орнату мақсатында атаған Конвенцияға қосымша Келісім жасауға тілек білдіре отырып

халықаралық әуе тасымалдары кезінде ұшу қауіпсіздігі мен авиация қауіпсіздігінің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге тілек білдіре отырып, төмендегілер туралы келісті:

1 - б а п А н ы қ т а м а л а р

Осы Келісімнің мақсаттары үшін, егер контекстен өзге мән туындамаса:

а) "Конвенция" термині 1944 жылғы 7 желтоқсанда Чикагода қол қою үшін ашылған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияны және екі Тарап осы Қосымшалар мен өзгерістерді қабылдаған немесе бекіткен дәрежесіндей осы Конвенцияның 90-бабына сәйкес қабылданған кез келген қосымшаны, сондай-ақ осы Конвенцияның 90 және 94-баптарына сәйкес Қосымшалардың немесе Азаматтық авиация туралы конвенцияның кез келген өзгерістерін білдіреді;

в) "Келісім" термині осы Келісімді, оның Қосымшасын және осы Келісімнің 19-бабына сәйкес қабылданған Келісімге немесе Қосымшаға енгізілген кез келген өзгерістерді білдіреді;

с) "авиациялық билік орындары" термині қазақстандық тараптан - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігін, бельгиялық тараптан - Бельгия Корольдігінің Коммуникациялар және инфрақұрылым министрлігін немесе екі жағдайда да қазір осы органдар атқарып жатқан функцияларды орындауға уәкілеттендірілген кез келген басқа органды немесе тұлғаны білдіреді;

д) "аумақ", "әуе қатынасы", "халықаралық әуе қатынасы", "авиакәсіпорын", "коммерциялық емес мақсаттармен аялдау" терминдері Конвенцияның 2 және 96-баптарында көрсетілген мағыналарды білдіреді;

е) "тағайындалған авиакәсіпорын" термині осы Келісімнің 3 және 4-баптарына сәйкес ұшуларды орындауға тағайындалған және рұқсат алған авиакәсіпорынды білдіреді;

ф) "уағдаластық желілер" термині жолаушыларды, жүкті және почтаны жеке және қиыстыра тасымалдауға арналған осы Келісімнің Қосымшасында белгіленген Тараптар бойынша тұрақты әуе қатынасын білдіреді;

г) "тарифтер" термині - жолаушыларды, жол жүгін тасымалдау үшін төленетін бағаларды және осы бағалар қолданылуына қатысты шарттарды, соның ішінде агенттік және басқа да қосалқы қызметтердің бағалары мен шарттары почтаны тасымалдау төлемдері мен шарттарын қоспағанда білдіреді;

h) "әуе кемесін ауыстыру" термині тағайындалған авиакәсіпорынмен уағдаластық желілердің бірін пайдалануды білдіреді және бағыттың бір учаскесінде қызмет ететін әуе кемесінің сыйымдылығы бағыттың басқа учаскесіне қызмет ететін әуе кемесінің

сыйымдылығынан айырмашылығы болуы қажет;

і) "әуе кемесінің жабдығы", "жер бетіндегі жабдық", "борттық қорлар", "қосалқы бөлшектер" терминдері Конвенцияның 9-қосымшасында көрсетілген мағыналарды білдіреді;

ј) "алымдар" термині авиакәсіпорыннан әуежайды берілуі үшін, аэронавигацияның және авиациялық қауіпсіздік құралдарын, сондай-ақ басқа да қызметтер көрсету үшін өндіріп алынатын алымдарды білдіреді.

2 - б а п Қ ұ қ ы қ т а р б е р у

1. Әрбір Тарап екінші Тарапқа тиісті тағайындалған авиакәсіпорындармен халықаралық әуе қатынасын жүзеге асыру үшін мына құқықтарды береді:

а) екінші Тарап мемлекетінің аумағы арқылы қонусыз ұшып өту;

в) осы аумақта коммерциялық емес мақсаттармен қону;

с) өз мемлекетінің аумағында қосымшада белгіленген баптарды пайдалану кезінде бортқа қабылдау және түсіру, сондай-ақ екінші Тарап мемлекетінің аумағынан немесе аумағына жолаушыларды, жүкті және почтаны халықаралық тасымалдау мақсаттарында аялдау;

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген құқықтар бір Тараптың тағайындалған авиакәсіпорны екінші Тарап мемлекетінің аумағында сыйақы үшін немесе жалдау арқылы тасымалданатын және екінші Тарап мемлекетінің аумағындағы басқа бір пунктке жеткізуге арналған жолаушыларды, жүкті және почтаны бортқа қабылдау жеңілдігі ретінде қарастырылмайды.

3 - б а п Ұ шуларды орындауға тағайындау

1. Әрбір Тарап екінші Тарапқа дипломатиялық арналар арқылы хабарлай отырып, Тараптарға арналған Қосымшада белгіленген бағыттар бойынша халықаралық қатынастарды орындау үшін бір немесе бірнеше авиакәсіпорындар тағайындауға құқылы.

2. Әрбір Тараптың екінші Тарапқа дипломатиялық арналар арқылы хабарлай отырып, кез келген авиакәсіпорындарды тағайындау күшін тоқтатуға және басқасын тағайындауға құқығы болады.

4 - б а п Ұ шуларды орындауға рұқсат ету

1. Осы Келісімнің 3-бабына сәйкес, бір Тараптан авиакәсіпорындарды тағайындау туралы хабар алу арқылы екінші Тарап мемлекетінің авиациялық билік орындары өз заңдары мен ережелеріне сәйкес осылай тағайындалған авиакәсіпорындарға кешіктірмей олар тағайындалған уағдаластық желілерді пайдалануға тиісті рұқсаттар б е р е д і .

2. Авиакәсіпорындар осы Келісімнің ережелеріне сәйкес авиакәсіпорындардың қызмет ету шартын сақтай отырып және тарифтер осы Келісімнің 13-бабындағы ережелерге сәйкес белгіленген жағдайда осындай рұқсаттарды алудан кейін кез келген уақытта уағдаластық желілерді пайдалануға толық немесе ішінара кірісе алады.

5 - б а п

Ұшуларды орындауға арналған рұқсаттың күшін жою немесе уақытша тоқтату

1. Әрбір Тарап мемлекетінің авиациялық билік орындары осы Келісімнің 4-бабында аталған рұқсаттың қолданылуын екінші Тарап тағайындаған авиакәсіпорындарға қатысты тоқтатуға, осы рұқсатты жоюға немесе уақытша тоқтатуға, сондай-ақ уақытша немесе тұрақты негізде қажет деп санаған шарттарды орындауды талап етуге мына жағдайларда қ ұ қ ы л ы :

а) осы авиакәсіпорындар Конвенцияға сәйкес халықаралық әуе қатынасын пайдаланғанда аталған билік орындары әдеттегідей және ақылға сыйымды қолданылатын заңдарда және ережелер ұйғарылған шарттарды орындай алмаған жағдайда ;

б) авиакәсіпорындар осы Келісімде ұйғарылған шарттарға сәйкес ұшуларды орындай алмаған жағдайда ;

с) аталған авиакәсіпорындар осы Тарап мемлекетінің заңдары мен ережелерін сақтай алмаған жағдайда ;

д) осы авиакәсіпорындардың екінші Тарап мемлекетінің аумағында тіркелген немесе олардың негізгі қызмет орны орналасқандығы туралы олардың дәлелдер болмаса және екінші Тарап мемлекетінің авиациялық билік орындары беретін күші бар П а й д а л а н у ш ы к у ә л і г і б о л м а с а .

2. Егер жоғарыда аталған әрекеттерді заңдар мен ережелердің бұзылуын болдырмау үшін жедел қолдану қажет болмаса осы Баптың 1-тармағында көрсетілген құқықтар осы Келісімнің 17-бабына сәйкес екінші Тараппен кеңесулер өткізгеннен кейін қ о л д а н ы л а т ы н б о л а д ы .

6 - б а п

Заңдар мен ережелердің қолданылуы

1. Бір Тарап мемлекетінің халықаралық әуе навигациясында қолданылатын әуе кемесінің сол Тарап мемлекеттің аумағына кідіруіне, болуына және жөнелтілуіне қатысты немесе осындай әуе кемесінің пайдаланылуы мен навигациясына қатысты заңдары мен ережелерін аталған аумақтың шегінде ұшып келу, ұшып кету және болу кезінде екінші Тарап мемлекетінің тағайындалған авиакәсіпорындары сақтайды.

2. Бір Тарап мемлекетінің кіруге, тазартуға, транзитке, иммиграцияға, төлқұжаттық бақылауға, кедендік бақылауға, валюталық реттеуге, тазалық бақылауға және карантинге қатысты заңдары мен ережелерін екінші Тарап мемлекетінің тағайындалған авиакәсіпорындары және олардың экипаждары, жолаушылары, жүктері және почтасы немесе олардың атынан транзит, жіберу, шығу кезінде осындай Тарап мемлекетінің аумағында болу кезінде сақтайтын болады.

Кез келген Тарап мемлекетінің аумағы арқылы транзитпен өтетін жолаушылар оңайлатылған бақылауға ұшырайды.

Егер жолаушы 1985 жылғы 14 маусымдағы Шенген Келісіміне сәйкес Конвенцияның қатысушысы болып табылатын мемлекетке бағытындағы транзитпен бара жатқан жағдайда осы Ереже қолданылмайды.

3. Тараптардың ешқайсысы өзінің тағайындалған авиакәсіпорнына немесе басқа авиакәсіпорынға осы Баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген өз ережелерін қолдануда немесе әуежайларды, әуе жолдарын, әуе қозғалысы қызметтерін және соған байланысты солардың бақылауындағы жабдыққа осындай халықаралық әуе тасымалына қатысатын екінші Тарап мемлекетінің авиакәсіпорынына бергенінен артық қ ұ қ ы қ б е р м е й д і .

7 - б а п

Куәліктер, айғақтар және ұшулар қауіпсіздігі

1. Тараптардың бірі берген немесе күші бар деп танылған және күш мерзімі өтпеген ұшу жарамдылық куәліктері, біліктілік куәліктері және айғақтары мен Қосымшада белгіленген бағыттар бойынша уағдаластық желілерді пайдалану мақсатында және осындай айғақтар мен куәліктер Конвенцияда белгіленген стандарттарға сәйкес берілген немесе жарамды деп танылған жағдайда екінші Тараппен жарамды деп т а н ы л а д ы .

Әрбір Тарап өз мемлекеті аумағының үстінен ұшуларға қатысты олардың азаматтарына басқа мемлекеттер берген біліктілік куәліктері мен айғақтарын танудан б а с т а р т у ғ а қ ұ қ ы л ы .

2. Егер осы Баптың 1-тармағында көрсетілген айғақтар мен куәліктер Конвенциямен белгіленген стандарттардан өзгеше талаптарға сәйкес берілсе немесе жарамды деп танылса және осындай өзгешелікті Халықаралық азаматтық авиация ұйымы тіркеген болса, екінші Тарап мемлекетінің билік орындары талаптар осы мәселе

бойынша олар үшін тиімді екенін қанағаттандыру мақсатында осы Келісімнің 17-бабына сәйкес кеңесулер өткізу туралы сұрау сала алады.

Егер ұшулар қауіпсіздігіне қатысты мәселелер жөніндегі уағдаластыққа көз жеткізілмесе, бұл осы Келісімнің 5-тармағын қолдануға негіздеме болып табылатын болады.

3. Әрбір Тарап екінші Тарап қабылдаған экипажға әуе кемелеріне немесе оларды пайдалануға байланысты кез-келген салада ұшулар қауіпсіздігінің стандарттарына қатысты кез келген уақытта кеңесулер өткізу туралы сұрау сала алады. Мұндай кеңесулер сұрау салынған күнінен бастап 30 күн ішінде өткізілетін болады.

4. Егер осындай кеңесулер барысында бір Тарап екінші Тараптың кем дегенде Конвенцияда белгіленген ең төменгі деңгейдегі стандарттарға сәйкес келетін қауіпсіздік стандарттарын осындай кез келген салада тиімсіз қолданатынын және орындайтынын білдірсе, бірінші Тарап екінші Тарапқа осындай кем дегендегі стандарттарға сәйкес келуі үшін кеңесулер және шаралар туралы хабарлайды және екінші Тарап ережені түзетуге тиісті шаралар қолданатын болады. Егер екінші Тарап 15 күн ішінде немесе ұзақтығы жөнінде келісім жасауы мүмкін кезеңде қажетті шара қолданбаған жағдайда, онда бұл осы Келісімнің 5-бабын қолдануға негіздеме болады. (күшін жою, уақытша тоқтату және ұшуларды орындауға рұқсатты өзгерту).

5. Конвенцияның 33-бабында көрсетілген міндеттемелерге қарамастан бір Тараптың авиакәсіпорны немесе авиакәсіпорындардың атынан екінші Тарап мемлекетінің аумағына және аумағынан желілерде және сол мемлекеттің шегінде пайдаланылатын немесе лизингіге берілген кез келген әуе кемесін екінші Тараптың уәкілетті өкілдерінің тексерісіне негіздемесіз кідіртпеу шартын сақтай отырып ұшырату мүмкіндігі жөнінде, атап айтқанда әуе кемесінің борты мен сыртқы бөлігін, әуе кемесі мен оның экипажының құжаттарын жарамдылық мерзімге, әуе кемесінің және оның жабдығын сыртқы жай-күйін тексеру туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

6. Егер осындай рампылы тексеріс немесе рампылы тексерістер топтамасының нәтижесінде:

а) әуе кемесінің және оны пайдаланушының осы уақытқа қолданылып келген Конвенцияда көрсетілген ең төменгі деңгейдегі стандарттарға сәйкес келмеуі туралы маңызды күдіктер туындаған жағдайда немесе

в) осы уақытқа дейін қолданылып келген Конвенцияда көрсетілген қауіпсіздік стандарттарының жеткілікті дәрежеде емес қолданылуы және орындалуы туралы маңызды күдіктер туындаса тексеріс жүргізуші Тарап Конвенцияның 33-бабына сәйкес осы әуе кемесіне немесе оның экипажына қатысты берілген немесе жарамды деп танылған куәліктер мен айғақтарға қойылған немесе әуе кемесі жасайтын ұшуларға қойылатын талаптарын Конвенцияда белгіленген ең төменгі стандарттармен бірдей болмауы және олардан аспауы туралы қорытынды шығаруға құқылы.

7. Бір Тараптың авиакәсіпорнымен немесе авиакәсіпорындарымен немесе жоғарыда

көрсетілген 5-тармаққа сәйкес олардың аттарынан пайдаланылатын әуе кемесін рампылы тексеріс мүмкіндігіне осы авиакәсіпорынның өкілдерімен рұқсат етілмесе, екінші Тараптың 6-тармақта көрсетілген маңызды проблемалар бар деп есептеуге негіздемесі ие болады және ол осы тармаққа сәйкес шешімдер қабылдай алады.

8. Егер бір Тарап рампылы тексеріс, рампылы тексерістер топтамасы нәтижесінде немесе рампылы тексеріс, кеңес өткізуге келісім берілмегенде немесе басқа да жағдайларда авиакәсіпорындармен ұшуларды қауіпсіз түрде орындауға жедел әрекеттер қажет деген шешім қабылдаса болған жағдайда әрбір Тарап екінші Тараптың авиакәсіпорнымен немесе авиакәсіпорындарымен ұшулар орындауына берілген рұқсатты жедел тоқтату немесе өзгерту құқығын өзінде қалдырады.

9. Шаралар қабылдауға негіздеме жарамсыз болған жағдайда жоғарыда көрсетілген 4 немесе 8-тармақтарға сәйкес бір Тараппен қабылданған кез келген іс-қимыл тоқтатылатын болады.

8 - б а п

Авиациялық қауіпсіздік

1. Тараптар бір-біріне қатысты азаматтық авиацияның алған қауіпсіздігін заңсыз араласу іс-қимылдарынан қорғау жөніндегі міндеттемелерін қуаттайды.

2. Тараптар өтініш бойынша азаматтық әуе кемелерін заңсыз басып алу әрекеттерін және жолаушылар мен экипаждардың, әуежайлар мен аэронавигациялық құралдардың қауіпсіздігіне қарсы бағытталған басқа да заңсыз іс-қимылдарды, сондай-ақ азаматтық авиация қауіпсіздігіне төленетін басқа да кез келген қауіп-қатерді болдырмауда бір-біріне қажетті көмек беретін болады.

3. Тараптар 1963 жылғы 14 қыркүйекте Токиода қол қойылған Әуе кемелерінің бортында жасалатын қылмыстар мен кейбір басқа іс-қимылдар туралы конвенцияның 1970 жылғы 16 желтоқсанда Гаагада қол қойылған Әуе кемелерін заңсыз басып алуға қарсы күрес жөніндегі конвенцияның және 1971 жылғы 23 қыркүйекте Монреальда қол қойылған Азаматтық авиация қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз іс-қимылдарға қарсы күрес туралы конвенцияның және басқа да екі Тарапқа да міндетті авиациялық қауіпсіздігі көп жақты кез келген келісімнің ережелеріне сәйкес іс-әрекет жасайтын болады.

4. Тараптар өздерінің екі жақты өзара қатынастарында Халықаралық азаматтық авиация ұйымы белгілеген Халықаралық азаматтық авиация жөніндегі Конвенцияға Қосымшалар деп аталатын авиация қауіпсіздігі жөніндегі ережелерге сәйкес, мұндай қауіпсіздіктер жөніндегі ережелер Тараптарға қолданымды болатын дәрежеде іс-әрекет жүргізетін болады; олар әуе кемелерін пайдаланушылардың немесе қызметтің негізгі орны немесе тұрақты тұрғылықты жері өздерінің мемлекеттерінің аумағында болған тіркелген әуе кемелерін пайдаланушылардың авиациялық қауіпсіздік жөніндегі

осындай ережелерге сәйкес іс-әрекет жасауын талап ететін болады.

5. Әрбір Тарап екінші Тарап мемлекетінің аумағына кіру үшін талап етілетін авиация қауіпсіздігі жөніндегі ережелерді сақтауға, жолаушыларды, экипажды, олардың қол жүгін, сондай-ақ жүкті отырғызудан немесе тиеуден бұрын өткізілетін тексеру бойынша орынды шаралар қолдануға келіседі. Әрбір Тарап екінші Тараптың нақты қауіп-қатерге байланысты әуе кемелерінің және олардың жолаушыларының қауіпсіздігі жөнінде арнайы шаралар қолдану туралы кез келген өтінішін ы қ ы л а с т ы қ п е н қ а б ы л д а п о т ы р а д ы .

6. Азаматтық әуе кемесін заңсыз басып алуға байланысты немесе әуе кемесінің, ондағы жолаушылар мен экипаждың, әуежайлар мен аэронавигациялық құрал-аспаптардың қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз іс-қимылдарға байланысты қақтығыстар немесе қақтығыс қатері болған жағдайда Тараптар байланыс құралдарымен өзара жәрдемдесу және жедел әрі қауіпсіз түрде осындай қақтығыстың осындай қақтығыстың немесе оның қауіп-қатерінің жолын кесуге бағытталған басқа да тиісті шаралар қабылдау арқылы бір-біріне көмектесетін болады.

7. Егер Тарап осы Баптың авиациялық қауіпсіздігі жөніндегі ережелерді орындаудан бас тартса, онда екінші Тарап мемлекетінің авиациялық билік орындары ол Тарап мемлекетінің авиациялық билік орындарымен дереу кеңестер өткізуді талап ете алады. Егер Тараптар отыз (30) күн ішінде қанағаттанарлық кешірімге келе алмаса, онда ол осы Келісімнің 5-бабын қолдануға негіз болады.

9 - б а п

А л ы м д а р с т а в к а л а р ы

1. Бір Тарап мемлекетінің аумағында екінші Тараптың тағайындалған авиакәсіпорындарынан әуежайларды және басқа да авиациялық жабдықтарды екінші Тараптың тағайындалған авиакәсіпорындарының әуе кемелері пайдаланғаны үшін алынатын алымдары бірінші Тараптың осындай халықаралық әуе қатынасында қолданылатын ұлттық авиакәсіпорнынан алынатын алымдар ставкасынан жоғары б о л м а й д ы .

2. Әр Тарап уәкілетті билік орындары мен жабдықтар мен қызметтерді пайдаланушы болып табылатын тағайындалған авиакәсіпорындардың арасында кеңесулерді мүмкіндігінше авиакәсіпорынның өкілі болып табылатын ұйымдар арқылы жүргізуді ынталандыратын болады. Алымдар ставкаларына кез-келген болжамалы өзгерістер енгізу туралы тиісті хабарлау өзгерістер жасалғанға дейін өз пікірін білдіруге мүмкіндік беру үшін жасалатын болады.

1 0 - б а п

К е д е н д і к б а ж д а р ж әне б а с қ а а л ы м д а р

1. Әрбір Тарап екінші Тараптың тағайындалған кәсіпорындарын әуе кемесіне, отынға, жағармайға, тұтынылатын техникалық қорларға, қосалқы бөлшектерге, оның ішінде қозғалтқыштарға борттық табельдік жабдыққа, жер бетіндегі жабдыққа, борттық қорларға және басқа да уағдаластық желілерді пайдаланатын екінші Тарап мемлекетінің тағайындалған авиакәсіпорындарының әуе кемелерін пайдалануға және оларға қызмет көрсетуге ғана арналған заттарға сондай-ақ, басылған билеттерге, авиажүктің жөнелтпе құжаттамасына, кәсіпорынның белгісі бар кез келген баспа материалына және осы тағайындалған авиакәсіпорындар тегін тарататын кәдімгі баспа материалдарына салынатын кедендік баждардан, басқа да алымдардан босатады.

2. Осы Баппен берілген босатулар босатуды Тарап мемлекетінің аумағы шегінде пайдаланылатын немесе тұтынылатын, сондай-ақ пайдаланылмайтын немесе тұтынылмайтын, осы баптың 1-тармағында атап көрсетілген материалдарға мына жағдайда қолданылатын болады.

а) аталған материалдар бір Тарап мемлекетінің аумағына екінші Тарап мемлекетінің тағайындалған авиакәсіпорындарымен әкелінген, бірақ аталған Тарап мемлекетінің аумағында иеліктен шығарылмаған болса;

б) олар бір Тарап мемлекетінің тағайындалған авиакәсіпорындарының әуе кемесінің бортында екінші Тарап мемлекетінің аумағына келгенде немесе аумағынан кеткенде сақталатын болса;

с) бір Тарап мемлекетінің тағайындалған авиакәсіпорының әуе кемесінің бортына екінші Тарап мемлекетінің аумағында қабылданған және уағдаластық желілерді пайдалану кезінде, пайдалануға арналған болса.

3. Борттық табельдік қару, жер бетіндегі жабдық, сондай-ақ әдетте кез-келген Тараптың тағайындалған авиакәсіпорындарының әуе кемелерінің бортында болатын материалдар мен қорлар екінші Тарап мемлекетінің аумағында аталған аумақтың кедендік билік орындарының рұқсатымен ғана түсірілуі мүмкін. Мұндай жағдайда олар, кедендік заңдар мен ережелерге сәйкес, шығарылғанға немесе басқаша түрде пайдаланғанша аталған билік орындарының қадағалауына дейін қойылуы мүмкін.

4. Тікелей транзитпен баратын жол жүгі мен жүк кедендік баждардан және басқа да салықтардан босатылатын болады.

5. Осы Баппен берілетін босатулар бір Тараптың тағайындалған авиакәсіпорындары басқа Тараптың осындай босатуды пайдаланып жүрген авиакәсіпорнымен кредит немесе осы Баптың 1-тармағында көрсетілген заттарды екінші Тарап мемлекетінің аумағында беру туралы уағдаласқан жағдайда да қолданылады.

1. Әрбір Тарап мемлекетінің тағайындалған авиакәсіпорындарының тиісті аумақтардың арасында және одан тыс жердегі осы Келісімге Қосымшада белгіленген бағыттар бойынша уағдаластық желілерді пайдалануға әділетті және бірдей мүмкіндіктері болады.

2. Уағдаласқан желілерді пайдалануда әр Тарап мемлекетінің тағайындалған авиакәсіпорындары екінші Тарап мемлекетінің тағайындалған авиакәсіпорындарының бүкіл бағытта немесе бағыттың учаскесінде қамтамасыз етілетін тасымалдауларына залал тигізбеу үшін мүдделерін назарға алатын болады.

3. Тараптар мемлекеттерінің тағайындалған авиакәсіпорындарымен қамтамасыз етілетін уағдаластық желілер белгіленген бағыттардағы тасымалдауларда қоғамдық қажеттіліктерге сәйкес болады және сыйымдылық әуе кемесін тиеудің саналы коэффициенті кезінде тараптар мемлекеттерінің аумақтары арасындағы жолаушылардың, жүктердің және почтаның тасымалдаушыларындағы ағымдағы және саналы түрде болжамалы қажеттіліктерге сәйкес беру бірінші кезектегі мақсат болып табылады.

4. Тағайындалған авиакәсіпорындар кез-келген уағдаластық желіні пайдалану басталғанға дейін кемінде 30 күн бұрын Тараптар мемлекеттерінің билік орындарының бекітуіне ұшулардың болжамалы бағдарламасын ұсынады. Ұшулардың аталған бағдарламасында қызмет көрсету түрін, пайдалануға болжамдалған әуе кемелерінің түрлерін және, ұшулар жиілігі мен кестесі көрсетілетін болады, болжау үшін қажет қызмет типтерін, әуе кемелері типін қосады.

Мұндай рәсім кейінгі өзгерістер болатын жағдайда да қолданылады.

Ерекше жағдайларда авиациялық билік орындарының өзара уағдаластығы бойынша уақыт кезеңі қысқаруы мүмкін.

1 2 - б а п

Әуе кемесін ауыстыру және кодтарды бірлесіп пайдалану

1. Бір Тарап мемлекетінің тағайындалған авиакәсіпорындары екінші Тарап мемлекетінің аумағында әуе кемесін мынадай жағдайларда ауыстыра алады:

а) ауыстыру пайдаланудың экономиясы себептерімен түсіндірілгенде;
б) біріншілер ауыстыру пункттеріне соңғылардан қабылданған немесе соңғылар берген тасымалдауларды орындау мақсатында келетін болады және сыйымдылық ең алдымен осы мақсатқа орай анықталады;

в) Авиакәсіпорынды тағайындалған Тарап мемлекетінің аумағынан неғұрлым алыс учаскеде пайдаланылатын әуе кемелері неғұрлым жақын учаскедегі әуе кемелерімен ұшуларды бірге орындайтын болған кезде ғана және оны тұрақты түрде орындағанда;

с) авиакәсіпорындар қоғамға жарнама немесе басқа да жол арқылы әуе кемесін ауыстыру пунктінен басталатын тасымалдау қызметін жасауды өздері ұсынбаған жағдайда және егер осы Келісімге қатысты қосымшада басқа жағдай көзделмесе;

д) әуе кемесін ауыстыру жасалған екінші Тарап мемлекетінің аумағына әуе кемесінің бір мәрте кез-келген ұшу жасауына байланысты және егер, екінші Тарап мемлекетінің авиациялық билік орындары бір мәртеден артық ұшулар жасауға рұқсат берсе, сондай-ақ сол аумақтан бір мәрте ұшу жасауға ғана рұқсат етілсе және.

2. Осы Баптың 1-тармағының шарттарына қарамастан Қосымшада белгіленген бағыттар бойынша уағдаластық желілерді пайдалануда әрбір тағайындалған авиакәсіпорын кез-келген мемлекеттің авиакәсіпорнымен кодтарды бірлесіп пайдалану жөнінде келісімге қол жеткізе алады және ол үшін соңғы авиакәсіпорынның тиісті бағыты және тасымалдауға құқық бар болуы шарт.

1 3 - б а п Т а р и ф т е р

1. Тараптар Қосымшада белгіленген бағыттардағы тарифтер тағайындалған авиакәсіпорындардың әрқайсысымен, мүмкіндігінше, олардың арасындағы кеңесулерден кейін белгіленетініне келіседі.

2. Екінші Тарап мемлекетінің аумағында және аумағынан уағдаластық желілер бойынша тасымалдау тарифтері барлық тиісті факторлар ескеріле отырып белгіленеді және ол факторлардың қатарына эксплуатациялық шығындар, тиесілі пайда, қызметтер сипаттамасы, тұтынушылар мүдделері және қолайлы деп есептелсе тұтас осы бағыттағы немесе оның учаскесіндегі басқа авиакәсіпорындардың тарифтері жатады.

3. Тарифтер екі Тарап мемлекеттерінің авиациялық билік орындарының бекітуіне, кемінде оларды енгізудің ұсынылған күнінен қырық бес (45) күн бұрын ұсынылады: ерекше жағдайларда авиациялық билік орындарымен одан гөрі қысқалау кезең қ а б ы л д а н у ы м ү м к і н .

Егер ұсынылған күннен бастап отыз (30) күн ішінде бір Тарап мемлекетінің авиациялық билік орындары екінші Тарап мемлекетінің авиациялық билік орындарын ұсынылған тарифпен өзінің келіспейтіндігі туралы хабарламаса, тариф бекітілген болып есептеледі және ұсынылған тариф үшін белгіленген күннен бастап күшіне енеді.

Авиациялық билік орындары тарифті ұсыну үшін қысқарған кезең қабылдаған жағдайда, олар тарифті қабылдамау туралы хабарландыру берілетін уақыт кезеңі отыз (30) күннен кем болады деп келісу мүмкін.

4. Тарифті қабылдамау туралы хабарландыру осы Баптың 3-тармағына сәйкес алынған болса, Тараптар мемлекеттерінің авиациялық билік орындары осы Келісімнің 17-бабына сәйкес кеңесулер жүргізеді және уағдаластық жолымен тарифті айқындау ү ш і н к ү ш с а л а д ы .

5. Егер Тараптар мемлекеттерінің авиациялық билік орындары осы Баптың 2-тармағына сәйкес ұсынылған қандай да бір тариф бойынша немесе осы Баптың 5-тармағына сәйкес кез-келген тарифті айқындау бойынша уағдаластыққа қол жеткізе

алмаса, онда даулы мәселе осы Келісімнің 13-бабының ережелері бойынша реттелуі
м ү м к і н .

6. Егер бір Тарап мемлекетінің авиациялық билік орындары белгіленген тарифпен келіспесе, олар ол туралы екінші Тарап мемлекетінің авиациялық билік орындарын хабарлайды және қажет болған жағдайда тағайындалған авиакәсіпорындар уағдаластыққа жетуге талпынатын болады.

Егер қабылдамау туралы хабарландыруды алған күннен бастап тоқсан (90) күн ішінде жаңа тариф тағайындалмаса, онда осы Баптың 4- және 5-тармақтарымен көзделген рәсімдер қолданылады.

7. Егер тарифтер осы Баптың ережелеріне сәйкес тағайындалса, ол тарифтер осы Баптың немесе осы Келісімнің 18-бабына сәйкес жаңа тарифтер тағайындалған кезге дейін қолданылады.

8. Егер кез-келген Тарап мемлекетінің авиациялық кәсіпорындары тарифпен келіспейтін болса, осы Баптың 4-тармағының ережелеріне және осы Келісімнің 18-бабына сәйкес тариф белгіленген жағдайларды қоспағанда, тариф күшіне енбейді.

9. Екі Тарап мемлекеттерінің авиациялық билік орындары тағайындалған және алынатын тарифтердің олар бекіткен және даусыз болып табылатын тарифтерге сәйкес болуын қамтамасыз етуге үшін күш салады.

14-бап Өкілдік

1. Бір Тарап мемлекетінің тағайындалған авиакәсіпорындарына екінші Тарап мемлекетінің аумағында өз өкілдерін, коммерциялық, жұмысшы және уағдаластық желілерді пайдалану үшін қажетті техникалық персонал ұстауға құқық екі жаққа бірдей б е р і л е д і .

2. Мұндай өкілдіктің тағайындалған авиакәсіпорындардың қалауы бойынша кез-келген ұлттан тұратын өз персоналы болуы мүмкін немесе ол кез-келген басқа ұйымның, компанияның немесе болған Тарап мемлекетінің аумағында іс-қимыл жасайтын және сол тарап мемлекетінің аумағында осындай қызметтер жасауға уәкілеттендірілген авиакәсіпорынның қызметтерін пайдалана алады.

3. Өкілдер мен персонал болған Тарап мемлекетінің аумағында қолданылатын заңдарға бағынады. Болған Тарап мемлекетінің заңдарына сәйкес әр Тарап екі жаққа да бірдей мейілінше азайтылған кешіктірулермен жұмысқа қажетті рұқсаттарды және

жұмысқа тұруға рұқсаты бар визаларды, осы Баптың 1-тармағында көрсетілген өкілдер мен персоналға осындай басқа да құжаттарды беретін болады.

4. Тараптар уақытша негізде белгілі қызметтер мен міндеттемелерді атқарушы персоналға қажетті жұмысқа тұру рұқсатымен немесе жұмысқа тұру рұқсаты бар визамен немесе басқа да осындай құжаттармен жұмыс істеуге қойылатын талаптан Тараптар мемлекеттерінің қолданылып жүрген заңдарындағы рұқсат етілген дәрежеде б а с т а р т а а л а д ы .

1 5 - б а п

Есеп айырысулар, тасымалдарды сату және кірістер

1. Тағайындалған авиакәсіпорындар арасындағы есеп айырысулар Тараптардың арасында қолданылып жүрген есеп айырысулар және Тараптармен келісілген валютадағы төлемдер туралы келісімдерге сәйкес жүргізілетін болады.

2. Тағайындалған әр авиакәсіпорынға екінші Тарап мемлекетінің аумағында авиатасымалдар бойынша тікелей немесе өз қалауы бойынша, өзінің агенттері арқылы қызмет көрсетулерді сатуды жүзеге асыру құқығы беріледі.

Тағайындалған әр авиакәсіпорынның өзінің авиакөліктік қызмет көрсетулерін ұлттық немесе кез-келген басқа еркін айырбасталатын валютада еркін сатуға құқығы б о л а д ы .

3. Әр Тарап екінші Тарап мемлекетінің тағайындалған авиакәсіпорындарына өзінің аумағында алынған кірістердің шығыстардан артылған сомасын еркін аударуға құқық береді. Мұндай аударулар ағымдағы төлемдер үшін айырбастың ресми бағамы негізінде немесе, егер ресми айырбас бағамы жоқ болса екінші Тараптың тағайындалған авиакәсіпорындарының ауыстыру туралы сұрау салуда берген күніне қолданылатын ағымдық төлемдер рыногының басымдық айырбас бағамы бойынша жүзеге асырылады және оларға қызмет көрсетулер үшін мұндай аударуларда банктер алатын жайылымдарды қоспағанда, алымдар салынбайды.

1 6 - б а п

А қ п а р а т а л м а с у

1. Тараптар мемлекеттерінің авиациялық билік орындары екінші Тарап мемлекетінің аумағына, аумағы арқылы немесе аумағынан әуе қатынасын жүзеге асыру үшін олардың тағайындалған авиакәсіпорындарына ұзартылған ағымдық рұқсаттарға қатысты ақпараттармен жедел алмасады. Бұл ақпарат іс жүзіндегі куәліктер мен уағдаластық желілерді пайдалануға өзгерістермен бірге рұқсаттардың көшірмелерін, босатуға тапсырыстарды және пайдалануға рұқсаттар үлгілерін қамтиды.

2. Әрбір Тарап екінші Тарап мемлекетінің авиациялық билік орындарына алдын-ала

, бұл қаншалықты жүзеге асырылатындығына қарай, тарифтердің, кестелердің өзгерістерімен бірге көшірмелерін, уағдаластық желілерді пайдалануға қатысты басқа да барлық тиісті ақпаратты, оның ішінде әрбір белгіленген бағытта қамтамасыз етілетін сыйымдылық туралы ақпаратты және осы Келісімнің ережелерін тиісті түрде сақтауды қамтамасыз ету үшін екінші Тарап мемлекетінің авиациялық билік орындары сұрайтын кез-келген ақпаратты беруде өзінің тағайындалған авиакәсіпорындарына жәрдемдесетін болады.

3. Әр Тарап екінші Тарап мемлекетінің авиациялық билік орындарына уағдаластық желілердегі тиеу және түсіру пункттері көрсетілген тасымалдауларға қатысты статистикалық ақпараттарды беруде өзінің тағайындалған авиакәсіпорындарына жәрдемдесетін болады.

17 - б а п

Консультациялар немесе кеңесулер

1. Тараптар мемлекеттерінің авиациялық билік орындары осы Келісімнің ережелерін және оның Қосымшаларын орындауға және оларға сәйкес келтіруге ықпал ететін барлық мәселелер жөнінде тығыз ынтымақтастықты қамтамасыз ету мақсатында бір-бірімен арагідік кеңесулер жүргізетін болады.

2. Егер екі Тарап та басқалай уағдаластыққа қол жеткізе алмаса, мұндай кеңесулер осындай сұрау салу алған күннен бастап алпыс (60) күн ішінде басталатын болады.

18 - б а п

Даулы мәселелерді реттеу

1. Осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға байланысты Тараптар арасында кез-келген даулы мәселе туындаған жағдайда Тараптар оларды ең алдымен келіссөздер жолымен реттеуге талаптанады.

2. Егер Тараптар даулы мәселені келіссөздер арқылы басқалай реттеуге қол жеткізе алмаса, олар даулы мәселені белгілі тұлғаның немесе органның қарауына беруге келісе алады, сондай-ақ Тараптардың кез-келгені даулы мәселені үш төрешіден тұратын Төрелік Соттың шешуіне ұсына алады.

3. Төрелік Сот мынадай түрде құрылатын болады:

Әр Тарап дипломатиялық арналар бойынша екінші Тараптың төрелікті жүргізуге сұрау салуын алған күннен бастап алпыс (60) күн ішінде төрешіні тағайындайды. Осындай екі төреші уағдаластық бойынша келесі алпыс (60) күн ішінде үшінші төрешіні тағайындайды.

Үшінші төреші үшінші мемлекеттің азаматы болуы тиіс, Төрелік Соттың төрағасы ретінде іс-қимыл жасайды және оны өткізу орнын айқындайды.

Егер Тараптың біреуі атаған кезең уақытында төрешіні тағайындамаса немесе егер үшінші төреші көрсетілген кезеңде тағайындалмаған болса, кез-келген Тараптың өтініші бойынша Азаматтық авиацияның халықаралық ұйымы Кеңесінің Президенті төрешіні немесе жағдай талап етуіне қарай төрешілерді

тағайындайды.

4. Тараптар осы Баптың 2- және 3-тармақтарына сәйкес құрылған Төрелік Сот қабылдаған кез-келген шешімді орындауға міндеттенеді.

Егер бір Тарап мұндай шешімді орындамаса, екінші Тараптың осы Келісімнің 5-бабын қолдануына негізі болады.

5. Төрелік Соттың шығындары екі Тараптың арасында тең бөлінетін болады.

19-бап

Түзетулер

1. Егер Тараптың біреуі осы Келісімнің қандай да бір ережесін өзгертуге шешім қабылдаса, ол екінші Тарапқа кеңесу өткізу жөнінде сұрау сала алады. Авиациялық билік орындарының арасындағы мұндай кеңесулер келіссөздер немесе хат жазысу арқылы жүргізілуі мүмкін және сұрау салынған күннен бастап алпыс күн ішінде б а с т а л а д ы .

2. Егер жалпы екі Тарапқа қатысты көпжақты авиациялық конвенция күшіне енетін болса, мұндай конвенцияның ережелері басым болады.

3. Кеңесулердің нәтижесінде келісілген кез-келген өзгеріс дипломатиялық ноталармен алмасу жолымен расталғаннан кейін күшіне енеді.

4. Тараптар Қосымшадағы бағыттар кестесі авиациялық билік орындарының арасында уағдаластық арқылы өзгертілу мүмкіндігіне келісті.

20 - б а п

Күшінің тоқтатылуы

Осы Келісім Тараптың біреуі жазбаша түрде екінші Тарапқа өзінің ниеті туралы жазбаша түрде хабарлағанға дейін күшін сақтайды.

Мұндай хабарлау бір мезгілде Азаматтық авиацияның халықаралық ұйымына да ж і б е р і л е д і .

Бұл жағдайда, егер Келісімнің күшін жою туралы құлақтандыру өзара келісім бойынша аталған кезең өткенге дейін кері шақыртылып алынбаса, екінші Тарап мұндай хабарлауды алған күннен он екі (12) айдан кейін Келісімінің күші жойылады.

Екінші Тарап хабарлауды алғаны туралы растамаған жағдайда, сол хабарлау Азаматтық авиацияның халықаралық ұйымы хабарлауды алғаннан он төрт (14) күннен кейін алынған болып есептеледі.

21-бап
Тіркеу

Бұл Келісім және оған енетін кез-келген өзгерістер Азаматтық авиацияның халықаралық ұйымында тіркелетін болады.

22-бап
Күшіне енгізілуі

Осы Келісім шектелмеген мерзімге жасалды және оның күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік рәсімдердің Тараптармен орындалуы туралы соңғы жазбаша хабарлау күнінен бастап күшіне енгізіледі.

_____ қаласында _____ екі данада ағылшын тілінде жасалды.

Қазақстан Республикасының Бельгия Корольдігінің
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Қосымша

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Бельгия Корольдігі Үкіметінің арасындағы әуе қатынасы туралы келісімге сәйкес бағыттар кестесі

1. Қазақстан Республикасының бағыттары

Жөнелту	! Аралық	! Бару пункттері	! Тысқары
пункттері	пункттер		пункттер

Қазақстандағы !	! Бельгиядағы
пункттер	пункттер

2. Бельгия Корольдігінің бағыттары

Жөнелту пункттері ! Аралық пункттер ! Бару пункттері ! Тысқары пункттер

Бельгиядағы пункттер ! ! Қазақстандағы пункттер

Уағдаластық бағыттағы кез-келген пункт немесе пункттер екі Тараптың тағайындалған авиакәсіпорындарымен алынып тасталуы мүмкін немесе жөнелту немесе бару пункттері олардың азаматтығы мемлекетінің аумағында болған жағдайда кез-келген тәртіппен кез-келген немесе барлық бағыттарды пайдаланылуына болады.

Бағыттар кестесінде аталмаған басқа пункттер Уағдаласушы Тараптардың авиациялық билік орындарының келісімі бойынша айқындалады.

Тысқары пункттер Уағдаласушы Тараптардың авиациялық билік орындарының келісімі бойынша айқындалады.

Әуе бостандығының бесінші дәрежесі Тараптар мемлекеттерінің авиациялық билік орындарының келіссөздерінен кейін жүзеге асатын болады.

Өзара түсіністік туралы құпия меморандум

Қазақстан Республикасы Үкіметінің авиациялық билік орындары мен Бельгия Корольдігі Үкіметінің авиациялық билік орындары өздерінің тиісті аумақтарында және олардан тысқары әуе қатынастарын орнату мақсатында шарт жасасу ниетімен төмендегілерге келісті:

1. Екі жақты әуе қатынасы туралы келісімнің оған Қосымшаны қосқанда

(Бағыттар кестесі). Келісімнің мәтіні және оның Қосымшалары 1-толықтыру ретінде қоса берілген.

2. Әуе қатынасы туралы келісімнің 4-бабына қағидаларына сәйкес кез келген тағайындалған авиакомпания белгіленген бағыттар бойынша уағдаластық желілерін кез келген әуе кемелерінде кез келген түрде пайдалана алады.

3. Әрбір Тарап үшін аптасына 7 (жеті) жиілік орындауға рұқсат етіледі.

4. Әуе бостандығының бірінші, екінші үшінші және төртінші дәрежелерімен алмасу. Әуенің бесінші бостандығы жүзеге асырылмайтын болады.

5. Келісім ресми түрде күшіне енгенше Келісімнің дәрежесі және осы өзара түсіністік туралы құпия меморандум осы күннен бастап күшіне енеді.

Брюссельде 2000 ж. _____ екі түпнұсқа жасалды.

Қазақстан Республикасының	Бельгия Корольдігі
авиациялық билік орындары	авиациялық билік орындары
үшін	үшін

Оқығандар:

Бағарова Ж.А
Орынбекова Д.Қ.